

## «КҮЗГІ БАҚ»



Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы

AMI balabagsha MONTESSORIYA

Тәрбиеші

Жоламанова Нурбану Кайратовна

**Оқу қызметі тақырыбы:** «Күзгі бақ»

**Мақсаты:** Балаларға жемістер мен көкөністер туралы білім беру, геометриялық пішіндерді қайталау, табиғатты аялауға, әсемдікті көріп, сезіне білуге тәрбиелеу.

**Билингвалды компонент:** алма - яблоко, алмұрт - груша, қияр - огурец, қызанақ - помидор.

**Әдіс-тәсілі:** Көрсету, түсіндіру, сұрақ - жауап.

**Көрнекілігі:** Күз табиғаты бейнеленген суреттер, жеміс - жидектер, көкөністер, әр түсті геометриялық денелердің макеті, ұзын - қысқа, әр түсті таяқшалар.

**Жаңа сөздік:** Бау - бақша, бақ, жемістер, көкөністер.

**Пән аралық байланыс:** Коммуникация, Шығармашылық.

**Тәрбиеші:** Балалар қараңдаршы бізге бүгін көптеген ұстаздар келіпті. Сәлемдесу әдептілік белгісі балалар, алдымен оқу қызметімізді бастамас бұрын ұстаздармен амандасып алайық.

**Балалар:** Сәлеметсіздерме!

**Ұстаздар:** Сәлеметсіздерме, балалар!

**Тәрбиеші:** Енді балалар, әдеттегідей шаттық шеңберіне жиналып, алтын күнмен амандасып алайық.

**Балалар:** Армысың, алтын күн,

Армысың, көк аспан.

Армысыздар, достарым

Қош көрдік сіздерді

Здравствуй, солнце золотое

Здравствуй, небо голубое

Здравствуйте, милые друзья

Очень рад вас видеть я

Hello, sun gold

Hello, blue sky

Hello, dear friends

I'm very glad to see you

**Тәрбиеші:** Балалар, енді «Жүректен жүрекке» жылы да шырайлы шеңбер бойына жиналып, бір-бірімізге жылы лебіздер айтайық.

Аспанымыз ашық болсын!

Еліміз тыныш болсын!

Бақшамыз бақты болсын!

Елімізде бейбітшілік болсын!

Ынтымағы жарасқан ел болайық!

Еліміз гүлдене берсін!

Отбасымыз аман болсын!

Деніміз сау болсын!

Жеріміз бай болсын!

Әрқашан күн сөнбесін!